

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕП – АУЫЛДЫҚ ЖАҢА МЕКТЕПТЕР КЕҢІСТІГІН ҚАЙТА ОЙЛАСТЫРУ

Рысбаева Айдана Ержановна

Juuzou540@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің магистранты,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі – Д. У. Дуйсебаев

Аннотация: Мақалада Қазақстандағы қазіргі уақытта өзекті шағын жинақты мектептер мәселесі қарастырылады. Халықаралық сәулет құрылысы тәжірибесінен бірқатар мысалдар келтіре отырып, шағын жинақты мектептердің ерекшеліктері көрсетілген және жобалаудағы қойылатын бірқатар талаптар қарастырылған. Бұл мақала «Шағын жинақты мектеп – ауылдақ жаңа мектептер кеңістігін қайта ойластыру» тақырыбындағы магистрлік жұмысы аясындағы шолу.

Түйінді сөздер: шағын жинақты мектеп, ауылды мектептер, мультифункционалды сыныптар, қайта ойластыру.

Бала өмір сүріп жатқан әлем, шексіз ақпараттың жанарып, өзгеріп отыратын кеңістігі. Мұндай үздіксіз өзгерушіліктер мен серпімділіктің ортасында өсіп келе жатқан жаңа ұрпақ өз мақсатын көріп, оған жетуге, бір істі бастауға, жобалауға, әлеуметтік байланыстар орнатуға, экономикалық сауатты болуға, топтар мен қауымдастықтарға икемденуге, жаңа орталарға белсенді бейімделуге, үнемі жаңарып отыратын технологияларды игеруге, яғни заман ағымына сай өсіп отыруға құқығы бар. Оқытушы өз кезегінде оқушының даму жолында біліммен қамтамасыз етуге, мемлекет әр баланың тегін және сапалы білім алып, керек қажеттіліктерімен қамтамасыз етуге, ал сәулетші міндеті бала өзін қауіпсіз сезінетін қолайлы білім беру кеңістігін дұрыс қалыптастыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін орта білім алуға кепілдік берілгені көрсетілген. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің бірі халықтың барлық топтары үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады, тиісінше, оның тұрғылықты жері мен отбасының табысына қарамастан әрбір оқушы үшін білім жоғары сапалы болуы керек. Бұл шағын ауыл мектебінің нақты жағдайында ерекше өзекті болып табылады.

«Қазақстан халқы» қоры, Білім беруді тұрақты дамыту қоры және Назарбаев Зияткерлік мектептері «Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық білім беру жобасын қаржыландыруды қамтамасыз етті. Бұл жоба ҚР Білім министрлігі мен Ыбырай Алтынсарин атындағы КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылады [1].

Атап өткендей, "ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту" сынды жобалар тек облыс орталықтарындағы тірек мектептерін дамытуға көзделген, ал ауылдардағы шағын жинақты мектептер сапасын дамыту әлі де өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Саны 1-5 баладан аспайтын шағын ауылдардың мектеп жасындағы балалары көрші ауылдарға немесе аудан орталықтарына ондаған шақырым жол асып баруға мәжбүр. Бұл өз алдына бірталай мәселелерге әкеліп соғады:

- көлік мәселесі, жол мәселесі;
- экономикалық тиімсіздігі;
- оқушылардың қауіпсіздігі;
- жаппай ауылдардың қалаға немесе облыстық центрлерге миграциясы;

Ата-ананың бірінші кезектегі міндеті бала тәрбиесі мен қауіпсіздігі болғандықтан, олар ұрпағының болашағы үшін тиімді қоныс іздеп облыс орталықтарына немесе қалаға қоныс аударуға мәжбүр. Соның салдарынан ауылдардағы қараусыз қалған мектептер,

қаңырап бос жатқан ауылдар пайда болып жатыр. Ал бұл мәселенің шешімі ауылдық жерлердегі ШЖМ кеңістігін қайта ойластыру.

Шағын жинақты мектеп (ШЖМ) – кішігірім ауылдардағы әр-түрлі жастағы оқушылар контингенті, көбіне сыныптар біріктіріліп оқытылатын жалпы білім беретін мектеп.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында, тіпті кеңес заманында да ауылдық жерлерде көптеген ШЖМ-тер салынды, бірақ қазіргі заманғы шындық бұл мектептердің ескіргенін және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетеді (Сур. 1, 2). Бұл мектептердің көпшілігі қараусыз қалған. Оның қызметін жақсарту жолдарын іздеу ұзақ уақыт бойы жалғасып келеді, бірақ, өкінішке орай, бұл әрекеттер әлі де білім сапасын айтарлықтай жақсартуға әкелген жоқ. Қазіргі уақытта Қазақстанда жұмысын жүргізіп жатқан ШЖМ-дің кемшіліктеріне келетін болсақ:

- эксплуатацияға жарамсыз мектептер (мектептердің көбі саманнан жасалған);
- сырт келбеті баланың көңіл-күйіне теріс әсер етеді, оқушылардың білімге деген құштарлығын оятпайды;
- рекреациялардың жоқтығы (баланың ойнап, жүгіріп, емін-еркін жүруіне кеңістіктің жоқтығы);
- функционалды ыңғайсыз;
- заманауи технологиялармен қамтамасыз етілмеген;
- эргономикалық икемсіз және ескірген интерьер;
- сынып микроклиматының жоқтығы (жеткілікті табиғи және жасанды жарықтанбаған);
- қауіпсіздігі (сынып ішінде пешпен жылыту орналасқан, кей мектептерде жылудың жоқтығы);



Сурет 1. Қызылжар ШЖМ [2].



Сурет 2. Пешпен жылынатын сынып [3].

Баланы қоршаған кеңістік оның көңіл-күйіне, психологиялық күйіне, өзін-өзі еркін әрі қауіпсіз сезінуіне әсер етеді. Бүгінгі күні ШЖМ функционалдық бөлігін де, көрнекі жағынан да толықтай қайта ойластыруды талап етеді. Баланың ыңғайына, өзін еркін сезінуіне, сынып ішінде қолайлы коммуникация жасауға өз үлесін қосатын эргономикалық өзектілігі де аса маңызды.

Егер де ШЖМ-ді жаңа талаптарға сай жобалап қайта қарастырып, жаңа мектептердің моделін жобалайтын болсақ ол бірталай мүмкіндіктерді ұсынады:

- кішігірім ауылдарда ШЖМ болуы, сол ауылдың болашақта экономикалық, агрономиялық және т.б. дамуына алып келеді;
- балалардың табиғатпен байланысына баса назар аударатын және өлке тарихы мен мәдениетін насихаттайтын өзіндік жеке ерекшелігі бар жергілікті оқу бағдарламасын ұсына алады;
- ШЖМ түрлі инновацияларды сынау алаңы ретінде пайдаланыла алады;
- ауылдардағы сапалы білімге қолдары жете алмай жүрген дарында оқушылар көбейіп, жарқын болашаққа мүмкіндік алады;

Жаңа ШЖМ тұжырымдамасы тек оқу орны болып қана қоймай, оның мәдени, рухани және спорттық дамуына көптеген мүмкіндіктер болуы керек. Біз белгілі бір эргономикалық талаптарды сақтай отырып, тиімді сәулеттік формалар мен дизайн принциптеріне сүйеніп, жоғарыда аталған мәселелер мен талаптарды оңтайлы шеше аламыз.

Қазақстандағы ШЖМ қайта ойластыру мәселесін шешу барысында Еуропа, Батыс ж/е т.б. бірқатар дамыған елдердің мысалдарына шолу жасасақ, Еуропадағы ШЖМ ауылдық аз қоныстанған аудандарда ғана емес қала орталықтарында да орналасады және олар Монтессори немесе Вальдорф мектептері сияқты балама білім беру үлгілерінің бөлігі.

Бұл мектептер сонымен қатар оқушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және шығармашылық дағдыларын, сондай-ақ олардың академиялық қабілеттерін дамытуға баса назар аудара отырып, қоғамдық өмірге қатысуға және білімге біртұтас көзқарасқа баса назар аудара алады.

Ұлыбританияның Нортхол қалашындағы Belvue мектебінің учаскесі орман алқабына жақын орналасқан, оны мектеп басшылығы оқу-танымдық қорық ретінде басқарады (Сур. 1, 2) [4].



Сурет 1. Бас фасад



Сурет 2. Ойын алаңы

Studio Wave сәулетшілер командасының мектепті жобалаудағы мақсаттары мектеп ғимаратын жобалап қана қоймай, сонымен қатар оқушыларды жергілікті жердің флорасы мен фаунасына жақын болуға және сол жерді зерттеп, қарайласуға мүмкіндіктері болатындай етіп жобалаған. Бұл көзқарас оқушылардың шығармашылық және ғылыми ынталандыруға әсер етеді [3].

Шағын жинақталған мектептерді жобалау кезінде дамушы және дамымаған елдердің мысалдарын қарастырған да жөн. Бұл географиялық немесе экономикалық қолайсыз жағдайларда мұндай жобаларды қалай жүзеге асыруға болатынын салыстырмалы қарастыруға мүмкіндік береді.

“Iran-e-Man” үкіметтік емес ұйымы Иранның Чабахар қаласынан 100 км қашықтықта орналасқан Сейедбар Джадгалда бастауыш мектебін салған (Сур. 3). Жоба тұрақты даму тәсілін қолдана отырып, мектеп салуға арналған қоғамдық үндеу-шақыру болды. Мектеп балаларға арналған оқу орнына және барлық ауыл тұрғындары үшін жиналатын және білім алатын ортаға айналды (Сур. 4, 5).



Сурет 3. Жалпы көрінісі



Сурет 4. Мектеп алаңы




Сурет 5. Көлеңкелі зоналар

Мектеп құрылымы ғимараттың қисық сызықты формаларына байланысты бағанасыз салынған. Сынып бөлмелерінің айналмалы орналасуына байланысты бұрыштарда жалғанған кезде, сыныптар арасы тұрақты желденіп отырады және топтық жұмыс пен ашық ауада жұмыс істеу үшін шағын алаңдар пайда болған (Сур. 6). Мектеп ауласының дөңгелек пішіні және сабақты ұйымдастыру тәсілі иерархиялық жүйесіз және демократиялық стильде «бірге оқу» дегенді білдіретін білім берудің орталық концепциясымен қалыптасады (Сур. 7).

Қолданылатын жабынның соңғы қабаты цементтен және Симгел деп аталатын жергілікті топырақтан тұратын жартылай жергілікті материал болып табылады, ол су тасқыны мен қатты жаңбырдан тот басуды болдырмайды және қоршаған түстер мен текстуралармен үйлесімділік жасайды. Ал қираған немесе жарылған жағдайда ауыл тұрғындары оңай жөндеп алады (Сур. 8) [5].



Сурет 6. Төбеден көрініс



Сурет 7. Жоспар



Сурет 8. Ғимарат фасадының тектоникалық элементі

Жоғарыда келтірілген мысалдарды, әлемдегі аналогтарды ескеріп, жергілікті мысалдарды талдау нәтижесінде шағын жинақты мектептерді жобалауға байланысты келесі талаптарды қоямыз:

- ШЖМ көлемді-кеңістіктік шешімдері нақты географиялық-экономикалық және әлеуметтік жағдайларға бейімделуі;
- мектептің қауіпсіз жерде орналасуы;
- болашақта кеңейтуді қарастыратын өспелі территориямен қамтамасыз етілуі;
- мектеп алаңының абаттандырылып, комфортты жоспарлануы;
- оқушылар мен оқытушылардың оқу және оқыту кеңістігінің кофорттығын қамтамасыз ету (еркін, икемді жоспар, тиімді жарықтандыру, желдету, жылыту/салқындату жүйелері);
- мектеп қабатының саны 1-2 ден аспауы;
- мектеп ғимаратының экономикалық тиімділігі (мүмкіндігінше жергілікті шикізатты пайдалану, тұрақты және аз күтімді қажет ететін материалдарға басымдық беру);
- ғимараттың функционалдық ерекшелігі (оқушылардың еркін жүгіріп, ойнауға, тыныс алуға мүмкіндігі болатындай рекреациялармен қамтамасыз етілуі);
- сыныптардың мультифункционалдылығы (қажет болған жағдайда жеке сыныптарды біріктіріп көлемді кеңістікке трансформациялау)
- сыныптарды монтессори сынды бағытта дамытуға мүмкіндік беретін икемді кеңістікпен қамтамасыз ету (оқушыларды тәуелсіздікке баулу).
- Мәдени контекст (дизайн заманауи білім беру стандарттары мен технологияларын қамтумен бірге жергілікті мәдениет пен дәстүрді көлемді-кеңістікті, эргономикалық, функционалдық интеграциялау).

Осыған орай, Қазақстандағы ауылдық шағын жинақталған мектепті құру қағидаларын қайта ойластырып, нақты жобалауда қолдануға болатын ғылыми негізделген теориялық үлгілерді жасау қажет және жергілікті қауымдастықтың ерекше қажеттіліктері мен міндеттерін де ескеріп, функционалдылыққа, тұрақтылыққа және мәдени сезімталдыққа басымдық беру керек.

Бұл бастама, ауыл мекендерінің болашағына деген пайдалы және тиімді әрекет болатыны кепіл.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Электронный ресурс [<https://inbusiness.kz/ru/news/svyshe-4-mlrd-tenge-budet-vydeleno-dlya-podnyatiya-urovnya-obrazovaniya-v-selskih-shkolah>](время обращения: 25.01.2023).
2. Электронный ресурс [<https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-turkestan-region-problems-of-small-schools/31274005.html>](время обращения: 15.02.2023).
3. Электронный ресурс [<https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-aktobe-region-temir-kopir-village-old-school/31864758.html>](время обращения: 15.02.2023).

4. Электронный ресурс [https://www.archdaily.com/985734/woodland-classrooms-belvue-school-studio-weave?ad_source=search&ad_medium=projects_tab](время обращения: 13.02.2023).

УДК 72:71 (574) (045)

СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ

Сарсембаева Динара Ержановна
dinara5431@mail.ru

Магистр искусствоведческих наук, старший преподаватель кафедры «Архитектура»,
ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассмотрено существующее положение и перспективы развития социальной инфраструктуры детских дошкольных учреждений города Астана.

Ключевые слова: детские дошкольные учреждения, структура, территория, инфраструктура.

При проектировании дошкольных учреждений важен учет потребностей различных возрастных категорий, что помогает обоснованно оценить пространственное распределение функций для населения и их взаимное расположение в системе городского обслуживания. Так в городе Астана при опросе различных возрастных групп одной из проблем молодых семей выявилась очередь на место в детские сады и отдаленность их расположения.

Чтобы иметь возможность представить целесообразное построение объектов на перспективу, необходимо учесть анализ спроса и предложения базовых потребностей населения, как здравоохранение, образование, спорт и культура.

В данное время в районах города Астана существует проблема нехватки детских дошкольных учреждений, остро выделяется проблема их загруженности. Наряду с проблемой - нехваткой мест выделяется проблема неудобного расположения данных объектов, что вынуждает родителей вести детей в учреждения, которые находятся далеко от места жительства. Это уменьшает безопасность, так как вместо пешеходной доступности данные объекты становятся достигаемы исключительно при использовании общественного и личного транспорта семьи.

Выявлено что увеличение спроса на данные услуги будет расти за счет внутренней миграции населения страны, так как ежегодно прирост населения столицы составляет примерно 50-70 тысяч [1].

Для решения задач в обеспечении услугами дошкольных учреждений необходимо планировать оптимальную систему расположения объектов социальной инфраструктуры в микрорайонах города.

Население столицы кроме активной внутренней миграции между городами, также имеет прирост миграции сельского населения и городского. В последнее время значительно повысилась рождаемость детей. По статистическим данным 2014-2017 гг. определено наличие естественного прироста населения в городе в пределах 20-24 тысяч человек.

В первые годы независимости в системе дошкольного образования в результате массовой приватизации и закрытии детских садов произошло уменьшение их количества [3]. Однако в последующие годы независимости видна позитивная тенденция, в ходе увеличения доли частных дошкольных учреждений. Динамика охвата дошкольным образованием с 3 до 6 лет в 1991-2000 гг. фиксируют 10%, тогда как в 2010-2018 гг. свыше 62%.

Острая проблематика видна в статистических данных 2014-17 гг., где фиксировалось сильное превышение детей в группах детских садов, школах, а также существование трехсменного обучения [4]. Аналитические данные показывают загруженность объектов социальной инфраструктуры, что говорит о необходимости проектирования объектов в